



0103000 «Дене тәрбиесі және спорт»
Біліктілігі: 0103023 "Дене тәрбиесі және спорт пәнінің мұғалімі"

Дене тәрбиесі – қоғамдағы жалпы мәдениеттің бөлігі, адамның дене қаблеттерін дамыту мен саулығын нығайтуға бағытталған әлеументтік қызметтерің бір саласы. Жастардың жан – жақты дамуын дене тәрбиесінсіз елестету мүмкін емес. Денесі жақсы дамыған деп күн режиміне спортпен жүйелі айналысуды енгізген, ағзаның шынығуы үшін табиғи факторларды тұрақты пайдаланатын, жұмысты белсенді демалыспен кезектестіріп отыратын жас адамды айтамыз.

Дене тәрбиесі және спорт пәнінің мұғалімінің кәсіптік құзіреттілігі:

- Білім алушылардың психологиялық, автомофизиологиялық даму ерекшеліктерін, оқу үдерісінің мәнін, дидактика заңдылықтарын білу.
- Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі бойынша арнайы кәсіптік білімді, оқытудың жаңаша формалары мен құралдарын, қазіргі заманғы әдістерді, тәсілдерді, оқу – әдістемелік кешенді қодана білу.
- Дене тәрбиесін оқыту әдістемесін меңгеру.
- Спорттық және қозғалмалы ойындардың, жеңіл атлетикалық және гимнастикалық жаттығулардың, жүзу стилінің негізгі түрлерін, шаңғымен, конькимен және т.б.жылжу әдістерін білу.
- Төрешілікті жүзеге асыру, спорттық секцияларды, сыныптан тыс сабақтарды, жарыстарды, сабақты жоспарлай және өткізе білу.
- Сабақтың мақсат-міндеттерін анықтай, мұғалімнің білім алушылардың қызметін жобалай, ұйымдастырушылық, басқарушылық қабілеттерін дамыта білу .
- Өзін-өзі бақылау, тиімді әдістер мен құралдарды таңдау, жоспарлау әдістерін меңгеру.
- Топ жетекшісінің қызметін, тәрбие жұмысы мазмұнын, әр жастағы ұжымды диагностикалау әдісін білу .
- Оқу- бағдарламалық құжаттарын жасақтау негіздерін меңгеру, дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесінен мектеп оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдардың мазмұнын талдай білу.
- Тұрғылықты жерлері бойынша балалармен, жасөспірімдермен, тұрғындармен мәдени көпшілік, спорттық сауықтыру жұмыстарын жүргізу.
- Дене тәрбиесі мұғалімі мен оқушының партфолиосының мазмұнын жинақтау (жинау) әдістерін меңгеру.
- Оқу сапасының мониторингін жүргізе білу.

Мерзімі: 11 сыныптан кейін : 2 жыл 10 ай;
9 сыныптан кейін: 3 жыл 10 ай.